



2024 жылдың 01 қыркүйекке


**Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.**



**ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.**

2024 жылдың 1 қыркүйекке елдің 21 екінші деңгейлі банктерінің несие портфель көлемі **33 024,4 млрд теңгені** (*жиынтық активтердің 57,1%*) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несие (NPL) көлемі **1 039,8 млрд теңге**, немесе жалпы несие портфельінің **3,1%** құрады (*2024 жылдың 1 тамызға – 32 462,4 млрд теңге немесе 57,6%*).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несие деңгейінің динамикасы



Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **жеке тұлғаларға** келеді – 740,3 млрд теңге немесе 71% (01.08.2024 ж. – 737,8 млрд теңге).



Шағын және орта бизнеске – 254,6 млрд теңге немесе 25% (01.08.2024 ж. – 253,5 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **заңды тұлғаларға** келеді – 45 млрд теңге немесе 4% (01.08.2024 ж. – 28 млрд теңге).

01.08.2024 ж.
NPL құрылымы

01.09.2024 ж.
NPL құрылымы

■ Заңды тұлғалар ■ ШОБ ■ Жеке тұлғалар



Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«KASPI BANK» АҚ** келеді – 267 млрд теңге немесе несие портфелінің 5%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:

- **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** – 231 млрд теңге (*несие портфелінің 2,2%*);
- **«First Heartland Jusan Bank» АҚ** – 102 млрд теңге (*несие портфелінің 7,7%*);
- **«Еуразиялық банк» АҚ** – 98 млрд теңге (*несие портфелінің 6,6%*);
- **«Bereke Bank» АҚ** – 88 млрд теңге (*несие портфелінің 6,2%*).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несиелер портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ** келеді – 9,7%.

Әрі қарай несиелер портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Нұрбанк» АҚ** (8,5%); **«First Heartland Jusan Bank» АҚ** (7,7%); **«Еуразиялық банк» АҚ** (6,6%) және **«Home Credit Bank» АҚ** (6,5%).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады